*«Н.Төреқұлов атындағы жалпы білім беретін мектеп»КММ-сі*

# ТАҚЫРЫБЫ; «МЕНІҢ БОЛАШАҚ МАМАНДЫҒЫМ»

## *(9-сыныпрар аралығында сурет байқауы )*

*2023-2024 оқу жылы*

*Тақырыбы: Менің болашақ мамандығым...*
*Мақсаты:*
*1. Оқушыларға мамандық ұғымы, мамандық түрлері туралы ой – өрістерін кеңейту, мамандықтың адам өміріндегі маңызы, мамандық таңдау үлкен жауапкершілікті талап етілетіндігі туралы түсініктерін қалыптастыру;*
*2. Өз Отанына, еліне адал қызмет ететін, еліміздің болашағы үшін аянбай еңбек ететін азамат тәрбиелеу;*
*3. Өздерінің қызығушылықтары, икемділігі, бейімділігіне сай мамандық таңдау қабілеттерін дамыту;*

*Әдісі: пікірлесу, ой бөлісу, сұхбаттасу, кеңес беру*
*Жоспар:*
*1. Тәрбиешінің сөзі*
*2.«Мамандық туралы не білеміз?» сұрақ – жауап*
*3.«Кімге қай мамандық жарасады?» ойын*
*4. «Мен таңдаған мамандық» (9 – сынып оқушылары таңдаған мамандықтары туралы ой бөліседі)*
*5.«Менің ата – анамның мамандығы» (оқушы ұнайтын, ұнамайтын жақтарын айтып өтеді)*
*6. Рефлексия*
*7. Қорытынды*

*Барысы:*
*I. Тәрбиеші: Құрметі оқушылар! Бүгінгі тәрбие сағатында біз сендермен мамандық әлеміне саяхат жасамақпыз. Сендердің барлығыңда да болашақта «кім боламын?, қандай мамандық таңдаймын? қай мамандық иесі боламын?» деген сұрақтар мазалайтыны белгілі. Әрине мамандық таңдау – үлкен жауапкершілікті іс. Әлемде мамандық түрлері өте көп болғандықтан, сендер үшін таңдау жасау өте қиын. Мамандықтың жаманы жоқ, бірақ қандай мамандық болмасын оның өзіндік ерекшеліктері, талаптары болады. Мамандықтың кез - келгенін игеруге ең басты адамның қызығушылығы, икемділігі қажет, кей адамдардың ойынша бұл жай күн көру секілді, бірақ ол теріс пікір, себебі маман иесі болу үлкен жауапкершілікті, өнерді, шеберлікті қажет ететін нәрсе. Жақсы маман иесі болу үшін ең алдымен таңдаған мамандығыңды сүюің керек, сол мамандықты барлық қырынан танып, сырын жете меңгерулерің керек. Өзінің икемділігі мен қабілетіне қарай маман болған адамның жұмысы да өнімді, берекелі болмақ.*

*II. Сол себепті ең алдымен оқушылар сендер мынадай сұрақтарға жауап берсеңіздер.*
*1. Мамандық дегеніміз не?*
*2. Мамандықтың түрлерін ата*
*3. Жақсы маман иесі болуы үшін адам нені ескеруі қажет?*
*4. Мамандықтың бірнеше түрін меңгерген қажет деп ойлайсыздар ма?*
*5. Қоғамда сұранысқа ие мамандықтар қандай?*
*6. Өзінің мәнін жоғалтпайтын қандай мамандықтар?*
*7. Жаңа заман талабына сай мамандықтың тууы немен байланысты?*
*8. Сен жақсы маман иесі атанып, сол еңбегіңнің жемісін көруің үшін не істейсін?*

***Оқушылардың жауаптары:***
***1. Мамандық – біздің болашағымыз, адамның кішкене кезінен бергі арманы,***
***2. Дәрігер, мұғалім, прокурор, менеджер, кинолог, автомеханик т. с. с***
***3. Адам ең алдымен өзінің мамандығын сүюі керек.***
***4. Адамның тек қана ұнатып істейтін бір мамандығы болуы тиіс.***
***5. Техникалық мамандықтар***
***6. Мұғалім, дәрігер***
***7. Қоғамда болып жатқан өзгерістерге байланысты туындайды***
***8. Таңдаған мамандығым бойынша сапалы білім аламын.***

***ІІІ. «Кімге қай мамандық жарасады?» ойын***
***Қазіргі қоғамның өзгерісіне қарай мамандық түрлері өте көп. Сол себепті сендерге таңдау жасау оңай емес. Келесі кезекте мен сендерге мамандық атаулары жазылған карточка таратамын. Сол мамандық атауларына сендер сипаттама бересіздер және де сол мамандықтың оқушылардың арасында кімге сай екендігін айтып өту керексіздер.***

***Психолог – ол мейірімді, жайлы, кез – келген адамның жанын түсіне алатын, сонымен қатар оған ақыл – кеңес беретін адам. Қазіргі заман талабына сай психолог мамандығы – өте қажетті мамандық деп есептеймін. Себебі қазіргі кезеңде көптеген адамдарға моральдық жағынан көмек керек. Әсіресе оқушыларға емтихан кезінде немесе кез – келген қиындықтардан шығу жолдарына бағыт – бағдар береді. Психолог мамандығы топ арасында менің бөлмелесім Бинураға көбірек келеді. Себебі ол кез-келген уақытта біздерге өзінің ақылын айтып, тыныштандырады.***

***Мұғалім – ол қай қоғамда болмасын өзінің мәнін жоғалтпайтын мамандық. Мұғалімдік қызмет – аса үлкен білімділікті, жауапкершілікті, шеберлікті қажет етеді. Барлық маман иелері ең алдымен мұғалімнің алдынан өтеді. Сол себепті мен үшін маңызды мамандық. Топ ішінде мұғалімдік Мөлдірге жарасады. Ол өте ұстамды, жан – жақты, ізденімпаз***

17.10.2023 жылы 9 –шы сыныптар арасында "Менің болашақ мамандығым" тақырыбында сурет байқауы өткізілді. Оқушылар мамандық таңдауда олардың негізгі түрлері, классификасиясы белгілері, мамандық тобы, таңдау әдістері туралы білімдерін кеңейте отырып, мамандықтарға деген ынта – ықыласын, қызығушылықтарын арттыра түсті. Өздері қалаған мамандық иелерінің суреттерін салды. Нәтижесінде ең үздік суреттер анықталып, марапатталды.












## Сабақтан іс-шара жоспары

| | |
|---|---|
| Педагогтің Т.А.Ә. | Асилбаева З.К. |
| Күні: | |
| Сынып: $10^{А,Б}$ | Қатысушылар саны: |
| Тақырыбы | **Мамандық таңдау-болашақты таңдау** |
| Мақсаты: | Оқушыларға кәсіптік таңдау бойынша психологиялық қолдау көрсету өмір туралы, мамандықтар туралы білімдерін нығайту |
| Міндеттері: | - Мамандық таңдаудың негізгі шарттары;<br>- Мамандық таңдауда оң шешім қабылдауға жетелеу |
| Әдіс-тәсілдер: | Сұрақ-жауап, тренинг,шығармашылық жұмыс. |

***Сабақтың барысы***

| ***Сабақтың кезеңі/ уақыт*** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** |
|---|---|---|
| *Ұйымдас-тыру* | ***Оқушылармен психологиялық ахуал орнату***<br>Сабақты көтеріңкі көңіл-күйде бастау үшін әсем әуеннің ырғағы мен керемет іс-қимылдар жасау арқылы сыныпқа енеді. Оқушылар арнайы қима-қағаздар арқылы топтарға бөлінеді. | Оқушылар көтеріңкі көңіл күймен сыныпқа енеді. Әртүрлі іс-қимылдар жасау арқылы ұстазбен сәлемдеседі.<br><br>Топтарға бөлінеді.<br>***Топ атаулары: дәрігерлер,ұстаздар, полиция қызметкерлері және өнер тобы*** |
| *Жаңа тақырып* | «Бұл кім?» тренингін өткізу арқылы оқушылардың миына шабуыл жасап, жаңа сабақтың тақырыбын ашамыз.<br>«Кәсіптік бағдар беру» атты видеоролик көрсету және арнайы сұрақтар беру арқылы жаңа сабақтың тақырыбын ашу<br>1.*Осы мамандыққа менің* | Оқушылар өз болжамдарын айтып, талқылау жүргізеді<br><br>Видеоролик көріп болған соң берілген сұрақтарға жауап береді. |

| | | |
|---|---|---|
| | *қабілетім барма?*<br>*2.Ол мамандық менің арман мақсатымда барма?*<br>*3.Қаншалықты осы мамандық сұранысқа ие?*<br>*4.Бұл мамандыққа түсу үшін мен қазір не жасауым қажет?* |  |
| «Келісемін, келіспеймін Дәлелде!» тапсырма | Нұсқау: Бұл тапсырманы орындау үшін оқушылар өзі келісетін, келіспейтін тұжырымдарды таңдап алып, пікірлерін ортаға салады.<br>Мыс:<br>1. *Мамандық бір ақ рет және біржола таңдалады ма?*<br>2. *Мамандық таңдау қалтаның қалыңдығына байланысты ма?* | Оқушылар пікірлерін білдірумен қатар оны дәлелдеп береді. |
| «Мамандықты тап» ойыны | Оқушылардың көзбен көруін және ым - ишараларын,диаспарантты рецепторларын дамытуға бағытталған ойын<br> | Оқушылар құлаққап киіп әуенді тыңдап бір-біріне ым-ишараларымен түрлі маман иелерін көрсетіп оны табуға тырысады.<br> |

| | | |
|---|---|---|
| «Менің баспалдағым» тренинг | Оқушылардың өмір туралы, мамандықтар туралы көзқарасын дамыту, алдағы уақытта мамандық таңдауда дұрыс жолда болуына себепкер болу. |  Постерде берілген баспалдақтарға өз армандарын мамандықтарын жазып баспалдақпен жоғары көтеріледі. |
| «Ұйқыдағы қала» шығармашылық жұмыс | Мақсаты:оқушылардың таңдаған мамандықтарына, өздеріне қоятын талаптарын ұғындыру және әрбір мамандыққа жауапкершілікпен карауға үйрету | Оқушылар шығармашылыққа бет бұрып өз мамандықтарның қиын да қызықты сәттерінен үзінді көрсетеді және өлең шумақтарымен жеткізседе болады.Арман,өмір,тілек бақыт. |
| «Ең жақсы мамандық?» | Ең жақсы мамандықтар мен танысу. Әрбір мамандықтың адам өміріндегі алатын орны туралы ой -толғау | Ұшқан ұшақтан хат алып, ең ең ең жақсы мамандықтарды тізімін атап өтеді. |
| «Білеміз бе?» | Арнайы гүлдер арасында берілген мамандық туралы сұрақтарға жауап беру. Мыс: *Соңғы 10-жылдықта пайда болған мамандықтарды ата?*  | Керемет гүлдер арасынан шыққан сұрақтар айдарына да назара аударып өз ойларын ортаға салады. |

| | | |
|---|---|---|
| «Менің арманым» ойыны | Оқушының өзі таңдайтын мамандық туралы ойын бір жүйеге келтіріп, өз бетінше шешім қабылдап, өзіндік мақсатын айқындай білу қабілеттілігін арттыру. | Ақ парақты басына қоя отырып қиялдары арқылы суреттер салады. |
| «Хор» | Ән: Бақыт деген.....<br> | Ән көңілдің ажары демекші бірге ән шырқайды. |
| Қорытынды | Мамандықты дұрыс таңдау-табысты өмірдің кілті. Сондықтан сіздерге мамандық таңдау жолында адаспай, өмірден өз орындарыңызды тауып, дүниенің бір кірпіші болып қалануларыңызға шын жүректен тілектеспін | Оқушылар алған әсерлерімен бөліседі.Мамандық таңдау-болашақтың жарқын кепілі<br>Мен өзіме сенемін деп өз ойларын стикерге жазып,тақтадағы жапырақ ішін толтыру. |

Кәсіптік педагог: З.Асилбаева